

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандығы
№ 51 бұйрығына 11-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 556 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылдың 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес өзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушыларда тәртіп мәдениеті мен әлеуметтік маңызды нормаларды, құндылықтарды, ұстанымдарды қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортада мәдени мінез-құлық пен қауіпсіздік ережелерін ұстануға үйрету;
өзге адамға құрметпен қарау және әдепті қарым-қатынасты жасай білуді қалыптастыру;
окушылардың қарым-қатынас жасау қабілетін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

эстетикалық талғамды дамыту, қоршаған ортада әсемдікті байқауға үйрету;
окушыларда қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына деген жағымды көзқарасты қалыптастыру.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер

5. «Тәртіп мәдениеті» бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

6. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жоюды немесе азайтуды көздейді; сондай-ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

7. Тіл, коммуникация және ойлау қабілетінің біртұастық қағидасы ойлауды, мінез-құлықты реттеудің негізі ретінде сөйлеудің қарым-қатынастық қызметін дамытуды көздейді.

8. Бастауыш сынып оқушыларының тәртіп мәдениетін қалыптастыруды жасына сай жетекші іс-әрекет қолданылады: ойындық, заттық-тәжирибелік.

9. Жеке тәсілі және саралап оқыту қағидасы оқу материалын менгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың менгеруінің сапасына әсер етеді.

«Тәртіп мәдениеті» пәнін оқыту барысында «проблемаларды шешу құзыреттілігі» қолданылады, бұның мәні - түрлі салада кездесетін мәселелерді өз бетінше шешуге үйрету және өзіндік әлеуметтік тәжирибесі мен өмірлік құзыреттіліктерін жинақтау.

11. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаудың жүзеге асады.

12. Денгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

13. Оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

14. Женіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабак бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

15. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабакта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

16. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын менгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескере отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

17. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

3 - тарау. «Тәртіп мәдениеті» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

18. «Тәртіп мәдениеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;

2) 1 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;

- 3) 2 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

19. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Сыртқы түр мен тәртіп мәдениеті» бөлімі;
- 2) «Қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі;
- 3) «Сөйлеу этикеті және сөйлеу мәдениеті» бөлімі.

20. «Сыртқы түр мен мінез-құлық мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жеке гигиена мәдениеті;
- 2) қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті.

21. «Қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тұлға аралық қатынас мәдениеті;
- 2) іс-әрекет мәдениеті.

22. «Сөйлеу этикеті және сөйлеу мәдениеті» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөйлеу қатынасының мәдениеті;
- 2) сөйлеу дағдылары.

23. 0-сыныпқа арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеке гигиена мәдениеті: қарапайым тазалық дағдылары: тамақтың алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу; таңертең үйқыдан соң және үйқының алдында жуыну, жуыну тәртібі, жуыну кезінде суды шашыратпау, орамалмен құрғатып сұртіну; тамақтан соң ауызды шайқау; әрекетті жинақы және тез орындалған отыру; өздігінен және дұрыс киіну, сырт киімдердегі замок пен түймелерді түймелей алу, бәтеңкенің бауын байлау, шкафқа заттарды жинау және бұқтеу; киіну әрекетінің ретін орындау;

2) қоғамдық орындардағы тәртіп мәдениеті: мәдени тамақтану дағдылары, үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу, дербес және жинақы тамақтану, дұрыс тік отыру, қасықты дұрыс ұстау, тамақты қасықпен аздал алу, дыбыс шығармай тамақ жеу;

3) тұлға аралық қатынас мәдениеті: қатарластарымен танысу, кездесу кезінде сәлем беру, қоштасу;

4) іс-әрекет мәдениеті: салауатты өмір сұру дағдылары (күн сайын бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау); сыныпта, ұйықтайтын бөлмеде, ойын бөлмесі, жуынатын бөлме, дәретхана, шешінетін бөлмеде бағдарлау алу дағдылары; жеке бас заттарына күтім жасау дағдылары (заттарды салу, ойыншықтар, мектеп заттарын өз орындарына қою, оларды ұқыпты қолдану);

5) сөйлеу қатынасының мәдениеті: әдептілікті білдіретін сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Рахмет!», «Мархабат!»;

6) сөйлеу дағдылары: заттар мен табиғи құбылыстардың атаулары, зат есімдерді сын есімдерімен байланыстыру.

24. 1-сыныпқа арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеке гигиена мәдениеті: тазалық құралдарына күтім жасау дағдылары: (тіс щеткасын сабынмен жуу, тарақты тазалау және оны жуу; қол орамалын пайдалану, жөтелген және түшкіреген кезде өз-өзін дұрыс ұстau (аузын қол орамалмен жабу, қасында біреу болса теріс айналу); ұйықтардың алдында жатын белмені желдету;

2) қоғамдық орындарда тәртәп ұстau мәдениеті: ғимаратқа кірген кезде аяқты сұрту, бас киімді шешу (ұлдар), ұқыптылық пен ұйымдастыруышылық дағдылары (өзін күттірмеу, сабакқа кешікпеу, мектепке ұқыпты және таза болып келу, киімді тәртіпке келтіру);

3) тұлға аралық қатынас мәдениеті: жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген сезімнің білдіру; отбасыда ананың, әкенің, әженің орындайтын қыын енбек әрекеттерін байқау қабілеті; өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездескен барлық адамдармен амандасу; ұлдардың қыздармен бірінші амандасуы; өзгелердің сәлемін жылы қабылдау, үлкендермен «сіз» деп сөйлесу;

4) іс-әрекет мәдениеті: қоршаған ортаның жағымды істерін байқау; қатарластарымен қарым-қатынас жасауда мәдениет ережелерін орындау: тыныш ойнау; сабакта ешкімге кедергі келтірмей өзін дұрыс ұстau; тіл табысу, ойыншықтарымен бөлісу, достарына көмектесу; өзге балаларға, ата-анасына, жақындарына, педагогтарға жанашырылыш таныту;

5) сөйлеу қатынасының мәдениеті: әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Кешіріңіз», «Кіруге рұқсат етіңіз!», «Шығуға бола ма?»; мұғалімді мүқият тыңдау, сұрақтарға жауап беру;

6) сөйлеу дағдылары: аттар мен болмыстық құбылыстардың атаулары, зат есімдерді сын есімдермен және етістіктермен дұрыс байланыстыру, әңгімеге қатысу.

25. 2-сыныпқа арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеке гигиена мәдениеті: ескертусіз үй киімін кию, өз киімі мен аяқ киіміне күтіммен қарау, өз бетінше тазалықты ұстану; үйден жинақы, таза тазаланған аяқ киіммен шығу; әдемі киініп журу; қол орамалын жуу;

2) қоғамдық орындарда тәртіп мәдениеті: қоғамдық орындарда, көшелерде түкірмеу әдептілігі (шемішке шағу, қағаз, кәмпитеттің қабығын, балмұздақтың қаптамасын, алманың қалдығын тастау); үйдің қабырғалары мен қоршауларға сурет салмау және жазбау; көшеде өзін мәдениетті ұстau (қатты даустап сөйлемеу, айқайламау, күлмеу, көшедегілердің назарын аудармау, жаяужолда барлық жолды алмай, оң жағымен жүру, егер балалар тобы келе жатса ішінен танысыңызды немесе жолдасыңызды көріп қалсаңыз сөйлесу үшін жолдың бір жағына шығу;

3) тұлға аралық қатынастар мәдениеті: тұлға аралық қатынас мәдениеті: жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген сезімнің білдіру; үлкендердің күнделікті еңбегіне құрметпен қарау, ата-анаға қамқорлық таныту; балалардың бір-біріне деген мейірімділік танытуы, жақсы істер жасауға ояту;

4) іс-әрекет мәдениеті: өз уақытын тиімді пайдалану (серуеннен кейін кешікпеу, теледидардың алдында ұзақ отырмау, ешқашан еш жерге кешікпеу, күн тәртібін қатаң орындау); қоғамдық еңбекке қатысу, мұғалімге, тәрбиешіге, ата-анаға көмектесу; қамқорлық, жауапкершілік таныту; келісімге келе алу және келісіммен әрекет ету, бір-біріне көмектесу;

5) сөйлеу қатынасының мәдениеті: әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Қайырлы таң!», «Қайырлы кеш!», «Қайырлы тұн», әңгімелесушінің көзіне қарап отырып, жылы көзқарас таныту;

6) сөйлеу дағдылары: қойылған сұрақтарға толығымен жауап беру, қарапайым сөйлемдерді құрау.

26. 3-сыныпқа арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеке гигиена мәдениеті: дұрыс, ретімен киіну, киім ауыстыру дағдылары; қонаққа, мерекеге киіну, аяа-райына сәйкес киіну; шашты жуу кезінде сабынсуды пайдалану; аяқ пен қол тырнақтарына күтім жасау дағдылары;

2) қоғамдық орындарда тәртіп мәдениеті: көлікті өзін-өзі ұстаяу дағдылары, автобуста, трамвайды, троллейбуста, маршрутты көлікте жол ақысын төлеу; көлікке кіру және шығу тәртібі; өзге жолаушыларға әдептілік таныту, үлкендерге және баласы бар жолаушыларға орын ұсыну, қатты сөйлемеу, салонда жүгірмеу, орындыққа шығып алмау, орындықты бүлдірмеу;

3) тұлға аралық қатынастар мәдениеті: өз бетінше, ескертусіз айналадағыларға мейірімділік таныту; өз достарына, олардың адами қасиеттеріне, қызығушылықтары туралы сұрау, қызығушылық таныту;

4) іс-әрекет мәдениеті: өз істеріне талдау жасау, ол әдептілік ережелеріне сәйкес па соған талдау жасау; жекелей қызығушылықтарын көрсету (коллекция жинау туралы, белгілі спортсмендердің алғашқы қадамдары туралы, көркем әдебиет, би, бөлме есімдіктерін өсіру, көркем қол өнері түрлөрі туралы мәлеметтер); алдына үлкен міндеттер қою және оны аяғына дейін орындау;

5) сөйлеу қатынасының мәдениеті: әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «алғыс білдіремін», «өтінемін»; сөзін бөлмей жолдасты тыңдау;

6) сөйлеу дағдылары: әңгімелесуге қатысу, қойылған сұрақтарға толығымен және дұрыс жауап беру, қарапайым жай сөйлемдерді құрастыру, таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдану.

27. 4-сыныпқа арналған «Тәртіп мәдениеті» пәнінің базалық мазмұны:

1) жеке гигиена мәдениеті: дұрыс тамақтану дағдылары (үстелде тік отыру, шынтақты үстелге қоймау; үстел құралдарын пайдалану - пышак, шанышқы; асықпай, ұқыптылықпен ашық ауызben жеу, тамақты ұзақ шайнау; нанды тілімдерге бөлу, компоттағы жемістің сүйектерін ас қасықпен ұқыптылықпен табаққа салу; тамақты жеп болғаннан кейін қасық, шанышқы, қасықты дастарханға емес тарелкаға салу; тамақ барысында сұлгіні пайдалану; үй тұрмысының қызметтерін білу – шаштараз, киім тазалау, киім тігіні бойынша ателье, аяқ киім жөндеу шеберханасы;

2) тұлға аралық қатынастар мәдениеті: үлкендер мен жолдастардың сенімін бағалай алу; жақсы әдеп ережелерін орындау (орындық ұсыну және үлкендерге орын беру; біреудің түсіріп алған затын сыпайылықпен алып беру, ұлдар көліктегі, ғимаратта қыздарды өткізіп жібереді; балаларға шарф тағуына, замок салып беруге көмектесу); қонақта өз қатарластарымен таныса алу;

3) қоғамдық орындарда тәртіп мәдениеті: кинотеатрда, қонақта өзін-өзін дұрыс ұстай алу;

4) іс-әрекет мәдениеті: сыныпта, шеберханада, ойын бөлмесінде, үйде тазалық пен тәртіпті сақтау; кез-келген тапсырманы, кез-келген жұмысты жақсылап отыру; кітаптар, оқулықтарға деген күтімді қатынас: бетін қайырмау, кітапты кір қолымен ұстамау;

5) сөйлеу қатынасының мәдениеті: әдептілікті білтіретін сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Мархабат!», «Өтінемін!», «Кешіріңіз!», «Рахмет!», «Ризашылығымды білдеремін!», «Кіруге рұқсат беріңіз!»; үлкендердің сөзін бөлмеу және олардың әңгімелеріне араласпау;

6) сөйлеу дағдылары: әңгімелесуге қатысу, сыныптастардың әңгімелерін толықтыра отырып, сұрақтарға жауап беру, қарапайым жәй сөйлемдерді пайдалана отырып, жоспар бойынша өз ойын жеткізу.

28. Бағдарламада оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшешіктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

29. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

30. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімші ретін, тәртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімші, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

31. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Сыртқы түрі мен тәртіп мәдениеті» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшілер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып

1.1 Жеке гигиена мәдение ті	0.1.1.1 жеке бас тазалығы ережелерін орындау: тамақ алдында, дәретхана, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу; ұйқыдан кейін және ұйқының алдында жуыну, жуыну кезінде суды шашыратпа й жуыну реттілігін сақтау, орамалмен құрғатып сүртіну, тамақтан соң ауызды шаю; бәрін өздігінен тез және ұқыпты жасауға тырысу; 0.1.1.2 дұрыс және өздігінен киіне алу, сырт киімдердегі замок пен түймені	1.1.1.1 тазалық құралдарын а күтім жасау, тіс щеткасы мен тарақты сабынмен жуу; 1.1.1.2 қол орамалды пайдалану алу, жөтелі мен түшкіру кезінде этикалық ережелерді білу және орындау: орамалмен ауызды жабу, егер жанында адам болса теріс айналдыру; 1.1.1.3 ұйықтардың алдында бөлмені желдету	2.1.1.1. ескертусіз үй киімін қайта киінудің ережелерін орындау; 2.1.1.2 өз киімі мен аяқ киіміне күтіммен қарастау, тазалығын қадағалау; 2.1.1.3 үйден аяқ киімді сыртқа тазалап шығу, ұқыпташ қажеттілігі н түсінупон имать; 2.1.1.4 өз киімін әдімі киінуге тырысу; 2.1.1.5 өз қол орамалын жуу және қағаз сүлгілерді пайдалану	3.1.1.1 дұрыс, ұқыпты, ретімен киіну, киімін ауыстыру дағыларын а ие болу иметь; 3.1.1.2 шашты жуу кезінде сусабынды пайдалану; 3.1.1.3 қонаққа, мерекеге киіну 3.1.1.4 аяу райын сәйкес киіне алу; 3.1.1.5 қол мен аяқтың тырнақтары на күтім жасау	4.1.1.1 тамақ ішу ережелерін орындау: үстелде тік отыру, шынтақты үстелдің үстіне қоймау; асүй құралдарын пайдалану – пышақ, шанышқы; ауызды жауып, асықпай отырып шайнау; нанды бөліктеге бөлу, компоттағы жемістің сүйектерін ас қасықпен ұқыптылық пен табаққа салу; тамақ ішіп болғаннан кейін шанышқы мен пышақты дастарханға емес, тарелкаға қою; тамақ ішу кезінде сүлгіні пайдалану;
---	---	--	---	---	--

	сала алу, аяқ киімнің бауын байлай алуды және заттарды шкафқа ілу және бұктеу				4.1.1.2 үйдегі тұрмыстық қызметтерді білу – шаштараз, киім тазалау, киім тігү ательесі, аяқ киім жөндеу шеберханасы
1.2 Қоғамдық орындарда тәртіп мәдение ті	0.1.2.1 мәдениетті тамақ ішу ережелерін орындау: үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу, өздігінен және ұқыпты тамақтану, дұрыс позаны ұстана отырып, сабырлы отыру, қасықты дұрыс ұстау, тамақты қасықпен аздал алу, тыныш тамақтану	1.1.2.1 ғимаратқа кірер алдында аяқиімді сұрту; 1.1.2.2 ғимаратқа кірер алдында ұл балалардың бас киімін шешу ережесін ұстану; 1.1.2.3 ұйымдасты рушылық пен ұқыптылық; өзін күттірмеу, сабакқа кешікпеу; 1.1.2.4 мектепке таза және ұқыпты киініп келу,	2.1.2.1 қоғамдық орындарды, көшені ластамау; 2.1.2.2 үй қабырғала ры мен қақпаларға жазбау және сурет салмау; 2.1.2.3 көшеде тәртіп ережелері; 2.1.2.4. көшеде қатты сөйлеу, айқайлау, өткендердің назарын аударудың дұрыс емес екендігін есте	3.1.2.1 көлікте тәртіп ережелерін орындау; 3.1.2.2 автобус, трамвай, метро, троллейбус та жол ақысын уақыты және дұрыс төлеу; 3.1.2.3 көлікке кіру және шығу ережелерін білу және орындау; 3.1.2.4 өзге жолаушыла рға дұрыс қарым-қатынас жасау, әдептілік таныту	4.1.2.1 қонақта өзін дұрыс ұстау; 4.1.2.2 театрда, кинотеатрда өзін дұрыс ұстау; 4.1.2.3 кітапханада тәртіп ережелерін орындау; 4.1.2.4 ауруханада тәртіп ережелерін білу және орындау; 4.1.2.5 адам көп жиналған жерде тәртіп ережелерін орындау

		аинаның алдында киімін ретке келтіру	сақтау; 2.1.2.5 жауяжолд ың оң жағымен жүруд білу; 2.1.2.6 егер көшеде бір топ адам келе жатса жолды бермеу; 2.1.2.7 таныс немесе жолдасты көшеде кездестірген жағдайда сөйлесу үшін жолдың бір жағына шығып тұру	3.1.2.5 үлкен адамдар мен кішкентай балалары бар жолаушыла рға орын беру; 3.1.2.6 қатты сөйлемеу, салонда жүгірмеу, орындыққа аяпен шықпау, орындықты былғамауды білу	
--	--	--------------------------------------	---	---	--

2) «Қарым-қатынас мәдениеті» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Тұлға аралық қатынас мәдение ті	0.2.1.1 қатарластар ымен таныса алу, кездесу кезінде сәлемдесу, басын изеп, әдепті қоштасу;	1.2.1.1 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларын а жақындық сезімнің болуы; отбасыға	2.2.1.1 атаға, әжеге, бауырға, әпкеге, бауырларғ а – жақын адамдарға жақындық сезімін	3.2.1.1 «әдептілік» сөзінің мәнін түсіну; 3.2.1.2 ескертусіз, өз еркімен жақындық сезімін	4.2.1.1 үлкендер мен жолдастары ның сенімін бағалау; 4.2.1.2 жақсы әдеп ережелерін орындау;

	күлімсіреп тұрып, амандасу	деген жақындықт ы таныту; 1.2.1.2 отбасыда әке, әже, анамен орындалаты н кейбір еңбек әрекеттерін байқау; 1.2.1.3 тек өз мұғалімімен ғана емес сол күні бірінші рет кездескен адамдармен амандасу;	таныту; 2.2.1.2 үлкендерді ң күнделікті еңбегі, ата- аналардың қамқорлығ ына құрмет көрсету; 2.2.1.3 сыныптаст арына жақсы қарым- қатынас таныту, жақсы істер жасауға тырысу	мейірімділі к таныту; 3.2.1.3 өз жолдастары на, олардың адами қасиеттерін е, қызығушыл ықтарына құрметпен қарау	кірген жасы ұлken адамға орын беру; біреудің түсіріп алған затын сыпайылық пен алыш беру; ұлдардың көлікте, ғимаратта қыздарды өткізіп жіберуі; балаға шарф тағуына, замок салып беруге көмектесу; 4.2.1.3 қонақта өз қатарластар ымен таныса алу
		1.2.1.4 ұлдар қыздармен бірінші амандасуы керек; 1.2.1.5 өзгелердің амандасуын а қуанышты және ашық түрде жауап беру; 1.2.1.6 жасы ұлken адамдармен «сіз» деп сөйлесу			

2.2 Іс- әрекет мәдение ті	0.2.2.1 күнде бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау; 0.2.2.2 сыныпта, жатын бөлмеде, жуынатын бөлмеде және дәретханада , шешінетін бөлмеде бағдарлай алу; 0.2.2.3 заттарды, ойыншықта рды, мектеп заттарын өз орындарын а қою, оларды ұқыпты пайдалану	1.2.2.1 коршаған орта адамдарын ың әдемі әрекеттерін байқау 1.2.2.2 өз ымен қарым- қатынас жасау мәдениетіні ң ережелерін білу және орындау: тыныш ойнау; өзгелерге кедергі келтірмей сабакта өз- өзін дұрыс ұстау; қарым- қатынас жасау, ойыншықта рмен бөлісу, достарына көмектесі; 1.2.2.3 өзге балаларға, ата- аналарға, педагогтарғ а жанашырлы қ таныту	2.2.2.1 өз уақытын дұрыс санау, серуеннен кейін кешікпеу, қатарластар дың алдында ұзақ отырмау, ешқашан және ешқайда кешікпеу; 2.2.2.2 өзінің рухани қызығушыл ықтарының әлемін түрлендіру, жекелей қызығушыл ықтарды қалыптасты ру; 3.2.2.3 коллекция жинау туралы, белгілі спортсменд ердің алғашқы қадамдары туралы, көркем әдебиет, би, бөлме өсімдіктері н өсіру, көркем қол өнері түрлері туралы мәліметтерд і айта алуды;	4.2.2.1 сыныпта, шеберханад а, ойын бөлмесінде, үйде тазалық пен тәртіпті сақтау; 4.2.2.2 кез- келген тапсырман ы, кез- келген жұмысты тек жақсылап орындау; 4.2.2.3 кітаптар, оқулықтарғ а деген күтімді қатынас: бетін қайырмау, кітапты кір қолымен ұстамау; 4.2.2.4 бүгін істейтін жұмысты ертеңге қалдырмауғ а тырысу
---------------------------------------	---	--	---	---

			келе алу және келісіммен әрекет ету, бір-біріне көмектесу	3.2.2.4. алдына шағын міндеттер қою және оны аяғына дейін орындау	
--	--	--	--	--	--

3) «Сөйлеу этикеті және сөйлеу мәдениеті» бөлімі:

3-кесте

Бөлім шелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Сөйлеу қатынас ының мәдение ті	0.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Мархабат! », «Өтінемін!»	1.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Кешіріңіз! », «Кіруге бол ма?», «Шығуға бола ма?»; 1.3.1.2 мұғалімді мұқият тындау, сұрақтарға жауап беру	2.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!», «Қайырлы тұн!»; 2.3.1.2 әңгімелесу шінің көзіне тіке қарал, жылы шырай таныту	3.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Алғыс айтамын», 3.3.1.2 жолдастың сөзін бөлмей, тындау	4.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Мархабат! », «Өтінемін!» «Рахымдыл ық тантыңыз!», «Кешіріңіз! », «Рахмет!», «Алғыс білдіремін», «Кіруге рұқсат беріңіз»; 4.3.1.2 үлкендердің сөзін бөлмеу және олардың

					әңгімелерін е араласпау ; 4.3.1.3 тапсырмала р мен жаттығулар арқылы әдепті сөздерді пайдалану мен бекіту бойынша тәжірибелік тренингтерг е белсенді қатысу
3.2 Сөйлеу дағдыла ры	0.3.2.1 заттар мен табиғи құбылыстар дың атауын дұрыс айту; 0.3.2.2. зат есімдерді сын есімдермен келістіру	1.3.2.1 заттар мен болмыстық құбылыстар дың атауын дұрыс айту; 1.3.2.2 зат есімдерді сын есімдермен және етістіктерме н дұрыс қолдану; 1.3.2.3 қойылған сұрақтарға жауап беру	2.3.2.1 аталмыш сұрақтың сөздерін пайдалана отырып, қойылған сұрақтарға толығымен және дұрыс сауда беру;	3.3.2.1 әңгімелесуг е қатысу, қойылған сұрақтарға толығымен және дұрыс жауап беру; 3.3.2.2 қарапайым жай сөйлемдерді құрастыру;	4.3.2.1 әңгімелесуг е қатысу, сыныптаста рдың әңгімелерін толықтыра отырып, сұрақтарға жауап беру; 4.3.2.2 қарапайым жәй сөйлемдерді пайдалана отырып, жоспар бойынша өз ойын жеткізу; 4.3.2.3 таныс сөздердің формалары н дұрыс қолдану; 3.3.2.4 сөз алды қосымшала ры мен кейбір үстеулерді пайдалану

32. Бағдарлама жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4-сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы ұлғілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

33. Бөлімдер мен тақырыптардың сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

34. Оқыту бастауыш сыныптардағы белгіленген барлық оқу жылына арналған бірыңғай ортақ тақырыптар контекстінде жүзеге асырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
0-4 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы
ұлгілік оқу бағдарламасына қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Тәртіп мәдениеті» пәнінен
жаңартылған мазмұндағы ұлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша
ұзақ мерзімді жоспар

1) 0-сынып:
1-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 – тоқсан			
Менің мектебім	1. Сыртқы түр мен мінез-құлық мәдениеті	1.1 Жеке бас тазалығының мәдениеті	0.1.1.1 жеке бас тазалығы ережелерін орындау: тاماқ алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу; 2. өздігінен және дұрыс киіне алу
		1.2 Қоғамдық орындарда тәртіп мәдениеті	0.1.2.1 мәдениетті тамақтану ережелерін орындау: үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу
	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қатынатсар мәдениеті	0.2.1.1 қатарластарымен таныса алу, кездесу кезінде жылы амандасу, басты ізетті түрде изеп, қоштасу; құлімсіреп тұрып, анық дауыспен, сергек амандасу
		2.2.Әрекет ету мәдениеті	0.2.2.1 күн сайын бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау; 0.2.2.2 сынныпта бағыттала алу
	3. Сөйлесу мәдениеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	0.3.1.1. сейлеу этикетінің мәдениеті: әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сая болыңыз!»
		3.2. Сөйлеу дағдылары	0.3.2.1 заттар мен табиғат құбылыстарын дұрыс атаяға тырысу
2 – тоқсан			
Менің отбасым және достарым	1. Сырт келбет және мінез-құлық мәдениеті	1.1 Жеке бас гигиена мәдениеті	0.1.1.1 жеке бас тазалығы ережелерін орындау: тاماқ алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу 0.1.1.2 өздігінен және дұрыс киіну, сырт киімдер мен пальто замогын салу және түймелеу
		1.2 Қоғамдағы орындардағы мінез-құлық мәдениеті	0.1.2.1. мәдениетті тамақтану ережелерін орындау: үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу

Бізді коршаған әлем	2. Қарым- қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым- қатынас мәдениеті	0.2.1.1 өз қатарластарымен таныс алау, кездесу кезінде жайдарлы амандасу
		2.2 Әрекет ету мәдениеті	0.2.2.1 күн сайын бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау; 0.2.2.2 сыныпта, жатын бөлмеде бағыттала алу
	3. Сөйлеу мәдениеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	0.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!»
		3.2 Сөйлеу дағдылары	0.3.2.1 заттар мен табиғат құбылыстарын дұрыс атауға тырысу

3 – тоқсан

Саяхат	1. Сыртқы түр мен мінез- құлық мәдениеті	1.1 Жеке бас тазалығы мәдениеті	0.1.1.1 сыртқы түр мәдениеті: қарапайым тазалық дағдылары: тамақтың алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу; таңертең үйқыдан соң және үйқының алдында жуыныу, жуыну үрдісі әрекетінің ретін үстану, жуыну кезінде суды шашыратпау, орамалмен құрғатып сүртіну 0.1.1.2 өздігінен және дұрыс киіну, сырт киімдердегі замок пен түймелерді түймелей алу, бәтенкенің бауын байлау, шкафқа заттарды жинау және бұктеу
		1.2 Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті	0.1.2.1. мәдени тамақтану дағдыларын білу және орында: үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу, дербес және жинақы тамақтану, дұрыс позаны сақтай отырып, дұрыс отыру
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	2. Қарым- қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым- қатынас мәдениеті	0.2.1.1 қатарластарымен таныса алу, кездесу кезінде жылы амандасу, басты ізетті түрде изеп, қоштасу
		2.2 Әрекет ету мәдениеті	0.2.2.1 күн сайын бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау; 0.2.2.2 сыныпта, жатын бөлмеде, ойын бөлмесінде, жуынатын бөлмеде және дәретханада, шешінетін бөлмеде бағыттала алу
	3. Сөйлеу мәдениеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	0.3.1.1 әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Рахмет!», «Мархабат!»
		3.2 Сөйлеу дағдылары	0.3.2.1 заттар мен табиғат құбылыстарын дұрыс атауға тырысу; 0.3.2.2 зат есімдерді сын есіммен келістіру

4 – тоқсан

Тағам және сусын	1. Сыртқы түр мен	1.1 Жеке бас тазалығы мәдениеті	0.1.1 тазалық ережелерін орындау: тамақтың алдында, дәретханадан, ойыннан кейін қолды сабынмен жуу; таңертең үйқыдан соң және
---------------------	-------------------------	---------------------------------------	---

Дені саудың – жаны сау	мінез-құлық мәдениеті		ұйқының алдында жуыныу, жуыну үрдісі әрекетінің ретін ұстану, жуыну кезінде суды шашыратпау, орамалмен құрғатып сұртіну; тамақтан кейін ауызды шаю, барлығын өздігінен, жинақы және тез жасау; 0.1.1. 2өздігінен және дұрыс киіну, сырт киімдердегі замок пен түймелерді түймелей алу, бәтеңкенің бауын байлау, шкафқа заттарды жинау және бұктеу; киіну реті дағдыларын қалыптастыру
	1.2 Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті		мәдени тамақтану ережелерін орындау: үстелдегі өзінің тұрақты орнын білу, дербес және жинақы тамақтану, дұрыс позаны сақтай отырып, дұрыс отыру, қасықты дұрыс ұстau, тамақты қасықпен аздал алу, үнсіз тамақтану
	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым-қатынас мәдениеті	0.2.1.1 қатарластарымен таныса алу, кездесу кезінде жылы амандасу, басты ізетті түрде изеп, қоштасу; күлімсіреп тұрып, анық дауыспен, сергек амандасу
		2.2 Әрекет ету мәдениеті	0.2.2.1 күн сайын бір уақытта тұру, бөлмені желдету және жаттығу жасау; 0.2.2.2 сыныпта, жатын бөлмеде, ойын бөлмесінде, жуынатын бөлмеде және дәретханада, шешінетін бөлмеде бағыттала алу ; 0.2.2.3 заттарды, ойыншықтарды, мектеп заттарын өз орындарына қоя алу, оларды ұқыпты қолдану
	3. Сөйлеу мәдениеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	0.3.1.1. әдептілікті танытатын сөздерді пайдалану: «Сәлеметсіз бе!», «Сау болыңыз!», «Рахмет!», «Мархабат!»
		3.2 Сөйлеу дағдылары	0.3.2.1 заттар мен табиғат құбылыстарын дұрыс атауға тырысу; 0.3.2.2 зат есімдерді сын есіммен келістіру

2) 1-сынып:

2-кесте

Ортақ тақырыптар	Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан			
Өзім туралы	1.Сыртқы түр мен мінез-құлық мәдениеті	1.1 Сыртқы түр мәдениеті	1.1.1.1 тазалық заттарына күтім жасай алу: тіс щеткасын сабынмен жуу, тарақты тазалау және оны жуу; 1.1.1.2 қол орамалын пайдалана алу, жөтелі мен түшкіру кезінде этикалық ережелерді білу және орындау: ауызды орамалмен жабу, егер жанында адам болса кері айналу
		1.1	1.1.2.1.ғимаратқа кірер алдында аяқты сұрте

Менің мектебім		Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті	алу; 1.1.2.2. ұлдардың ғимаратқа кірер алдында бас киімін шешу ережесін білуі және оны орындауды
	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым-қатынас мәдениеті	1.2.1.1. жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы; 1.2.1.2 отбасыда анасымен, әкесімен, әжесімен орындалатын кейбір әрекеттерді байқау; 1.2.1.3 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездесken барлық адамдармен амандасу; 1.2.1.4 ұлдардың қыздармен бірінші амандасуы; 1.2.1.5 өзгелердің сәлемін жылы қабылдау
		2.2 Әрекет ету мәдениеті	1.2.2.1 қоршаған ортандың әдемі істерін байқай алу; 1.2.2.2 қоршаған ортандың әдемі істерін байқау; қатарластарымен қарым-қатынас жасауда мәдениет ережелерін орындау: тыныш ойнау; сабакта ешкімге кедергі келтірмей өзін дұрыс ұсташау; тіл табысу, ойыншықтарымен бөлісу, достарына көмектесу
	3.Сөйлеу мәдениеті және сөйлеу этикеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	1.3.1.1 «Кешіріңіз» деген әдептілік сөзін пайдалану; 1.3.1.2 мұғалімді мұқияттыңдау, сұрақтарға жауап беру
		3.2 Сөйлеу дағдылары	1.3.2.1 заттар мен болмыс құбылыстарының атауын дұрыс айтуда

2 - тоқсан

Менің отбасым және менің достарым	1. Сыртқы түр мен мінез-құлық мәдениеті	1.1 Сыртқы түр мәдениеті	1.1.1.1 тазалық заттарына күтім жасай алу: тіс щеткасын сабынмен жуу, тарақты тазалау және оны жуу; 1.1.2.2 қол орамалын пайдалана алу, жөтелі мен түшкіру кезінде этикалық ережелерді білу және орындау: ауызды орамалмен жабу, егер жанында адам болса кері айналу; жатын бөлмені ұйықтардың алдында желдету; 1.1.4 жекелей заттарды өздігінен пайдалану
		1.2 Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті	1.1.2.1 ғимаратқа кірер алдында аяқты сұрте алу; 1.1.2.2 ұлдардың ғимаратқа кірер алдында бас киімін шешу ережесін білуі және оны орындауды
	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым-қатынас мәдениеті	1.2.1.1 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы, отбасыға деген жақындық; 1.2.1.2 отбасыда анасымен, әкесімен, әжесімен орындалатын кейбір әрекеттерді байқау; 1.2.1.3 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні

Бізді қоршаған әлем			<p>кездесken барлық адамдармен амандасу;</p> <p>1.2.1.4 ұлдардың қыздармен бірінші амандасуы;</p> <p>1.2.1.5 өзгелердің сәлемдесуіне жылы жүзбен жауап беру;</p> <p>1.2.1.6 жасы үлкен адамдармен «сіз» деп сөйлесу;</p> <p>1.2.1.7 сыныптастарымен айғайсыз, сабырлы түрде қарым-қатынас жасау;</p> <p>1.2.1.8 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы;</p> <p>Отбасыға деген жақындық;</p> <p>1.2.1.9 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездесken барлық адамдармен амандасу;</p>
	2.2 Әрекет ету мәдениеті		<p>1.2.2.1 қоршаған ортаның әдемі істерін байқау;</p> <p>1.2.2.2 қатарластарымен қарым-қатынас жасауда мәдениет ережелерін орындау: тыныш ойнау; сабакта ешкімге кедергі келтірмей өзін дұрыс ұстау; тіл табысу, ойыншықтарымен бөлісу, достарына көмектесу;</p> <p>1.2.2.3 өзге балаларға, ата-анаға, жақын адамдарға, педагогтарға жанашырлық таныту;</p> <p>1.2.2.4 ойын сабактарында үлкендермен жұмыс жасауда мінез-құлыштың қарапайым нормаларын сақтау</p>
	3. Сөйлеу мәдениеті және сөйлеу этикеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті	<p>1.3.1.1 әдептілік сөздерін пайдалану:</p> <p>«Кешіріңіз!», «Кіруге рұқсат етіңіз!», «Шығуға бола ма!»</p>
		3.2 Сөйлеу дағдылары	<p>1.3.2.1 заттар мен болмыс құбылыстарының атауын дұрыс айтуды;</p> <p>1.3.2.2 зат есімдерді сын есімдер мен етістіктермен бірге дұрыс қолдану</p>
3 - тоқсан			
Саяхат	1. Сыртқы түр мен мінез- құлыш мәдениеті	1.1 Сыртқы түр мәдениеті	<p>1.1.1.1 тазалық заттарына күтім жасай алу: тіс щеткасын сабынмен жуу, тарақты тазалау және оны жуу;</p> <p>1.1.1.2. қол орамалын пайдалана алу, жөтелу мен түшкіру кезінде этикалық ережелерді білу және орындау: ауызды орамалмен жабу, егер жанында адам болса кері айналу; үйқының алдында жатын бөлмені желдету;</p> <p>1.1.1.4 жекелей заттарды өздігінен пайдалану;</p> <p>1.1.1.5. үстел басында дұрыс тәртіп ережелерін үйрену;</p> <p>1.1.1.6. тазалық заттарын пайдалану алу: сабын, тіс щеткасы, тарақ</p>
		1.2 Қоғамдық орындардағы мінез-құлыш	<p>1.1.2.1 ғимаратқа кірер алдында аяқты сұрте алу;</p> <p>1.1.2.2 ұлдардың ғимаратқа кірер алдында бас</p>

		мәдениеті	киімін шешу ережесін білуі және оны орындауы; 1.1.2.3 ұйымдастырушылық және ұқыптылық ережелерін орындау: өзін күттірмеу, сабакқа кешікпеу
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым-қатынас мәдениеті	<p>1.2.1.1 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы, отбасыға деген жақындық;</p> <p>1.2.1.2 отбасыда анасымен, әкесімен, әжесімен орындалатын кейбір әрекеттерді байқау;</p> <p>1.2.1.3 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездесken барлық адамдармен амандасу;</p> <p>1.2.1.4 ұлдардың қыздармен бірінші амандасуы;</p> <p>1.2.1.5 өзгелердің сәлемдесуіне жылы жүзben жауап беру;</p> <p>1.2.1.6 жасы үлкен адамдармен «сіз» деп сөйлесу;</p> <p>1.2.1.7 сыныптастарымен айғайсыз, сабырлы түрде қарым-қатынас жасау;</p> <p>1.2.1.8 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы;</p> <p>Отбасыға деген жақындық;</p> <p>1.2.1.9 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездесken барлық адамдармен амандасу;</p> <p>1.2.1.10 өзгелердің сәлемдесуіне жылы жүзben жауап беру;</p> <p>1.2.1.11 мейірімділік, кішіпейілділік, қайырымдылық, қатарластарына жылы қабак танытуы, үлкендерді сыйлау сияқты адами қасиеттерді көрсету;</p> <p>1.2.1.12 дөрекілік және арамдық сияқты теріс қасиеттерді мойындамау;</p> <p>1.2.1.13 таным үлкен адамдармен сөйлесу, сұрақтарына жауап беру, үлкендердің өтініштерін орындау;</p> <p>1.2.1.14 сөйлеуді «әдепті» сөздерді өздігінен пайдалану, жылы шыраймен сөйлесу</p>
	2.2 Әрекет ету мәдениеті		<p>1.2.2.1 қоршаған ортаның әдемі істерін байқау;</p> <p>1.2.2.2 қатарластарымен қарым-қатынас жасауда мәдениет ережелерін орындау: тыныш ойнау; сабакта ешкімге кедергі келтірмей өзін дұрыс ұстау; тіл табысу, ойыншықтарымен бөлісу, достарына көмектесу;</p> <p>1.2.2.3 өзге балаларға, ата-анаға, жақын адамдарға, педагогтарға жанашырылық таныту;</p> <p>1.2.2.4 ойын сабактарында үлкендермен жұмыс жасауда мінез-құлыштың карапайым нормаларын сактау</p>

			1.2.2.5 ненің жақсы, ненің жаман екені туралы қарапайым түсінікке ие болу, жақсы және жаман істерді бағалай білуді үйрену; 1.2.2.6 жақсы істерден рахат ала алу
3. Сөйлеу мәдениеті және сөйлеу әрекеті	3.1 Сөйлеу этикетінің мәдениеті		1.3.1.1 әдептілік сөздерін пайдалану: «Кешіріңіз!», «Кіруге рұқсат етіңіз!», «Шығуға бола ма!» 1.3.1.2 мұғалімді мұқияттындау, сұрақтарға жауап беру;
	3.2 Сөйлеу дағдылары		1.3.2.1 заттар мен болмыс құбылыстарының атауын дұрыс айтуды; 1.3.2.2 зат есімдерді сын есімдер мен етістіктермен бірге дұрыс қолдану 1.3.2.3. қойылған сұрақтарға жауап беру;
4 - тоқсан			
Тағам және сусын	1.Сыртқы түр және мінез-құлық мәдениеті	1.1 Сыртқы түр мәдениеті	1.1.1.1 тазалық заттарына күтім жасайды алу: тіс щеткасын сабынмен жуу, тарақты тазалауды және оны жуу; 1.1.1.2 қол орамалын пайдалана алу, жөтелуден түшкіру кезінде этикалық ережелерді білу және орындауды: ауызды орамалмен жабу, егер жанында адам болса кері айналу; ұйқының алдында жатын бөлмені желдетуду; 1.1.1.4 жекелей заттарды өздігінен пайдалану; 1.1.1.5 үстел басында дұрыс тәртіп ережелерін үйрену; 1.1.1.6 тазалық заттарын пайдалану алу: сабын, тіс щеткасы, тарақ; 1.1.1.7 таңғы және кешкі киінуді өздігінен орындауды; 1.1.1.8 жеке заттарға күтіммен қарауды
	1.2 Қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті		1.1.2.1 ғимаратқа кірер алдында аяқты сұртеде алу; 1.1.2.2 ұлдардың ғимаратқа кірер алдында бас киімін шешу ережесін білуі және оны орындауды; 1.1.2.3 ұйымдастырушылық және ұқыптылық ережелерін орындауды: өзін күттірмей, сабакқа кешікпеу; 1.1.2.4 мектепке таза, жинақы болып келуды, айнаның алдында киімін ретке келтіруду
	2. Қарым-қатынас мәдениеті	2.1 Тұлға аралық қарым-қатынас мәдениеті	1.2.1.1 жақын адамдарға, анаға, әкеге, әпкелеріне, бауырларына деген жақындық сезімнің болуы, отбасыға деген жақындық; 1.2.1.2 отбасыда анасымен, әкесімен, әжесімен орындалатын кейбір әрекеттерді байқауды; 1.2.1.3 өз мұғалімімен ғана емес, осы күні кездескен барлық адамдармен амандаудасы; 1.2.1.4 ұлдардың қыздармен бірінші амандаудасы;

